

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Жумагазина Т.М. *Жума*



Сағыз орта мектебі

Мектептегі психологиялық-диагностикалық
іс-әрекеттің 2023-2024 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары

Түсінік хат

Психология- адам жанын зерттейтін ғылым. Алғашқы күннен бастап адам қоршаған ортаның алуан түрлі құбылыстарымен: адаммен, затпен, оқиғамен соқтығысады. Айналамен таныса отырып, адам белгілі бір нәрсеге өзінің субъективті көзқарасын, сезімін білдіреді.

Психологиялық қызметтің мақсаты- білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету; психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету. орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілерге ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан көмек көрсету, психологиялық-педагогикалық зерделеу, шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық мәселелерді шешуде және оқу- тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Бала алғаш мектепке келген кезде ересектермен, басқа балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игереді. Сондықтан үлкендер баламен жағымды қарым-қатынас құру қажет. Мұғалімдер мен психологтардың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты-баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіпбаға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аударып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдап, ізгі ниет ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады.

Бүгінгі таңда ұрпақ алдында «Қазақстан-2030» бағдарламасындағы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп –өркендеу қауіпсіздігі мент әл-ауқатының артуы» деген мерзімдік міндетті үшінші мыңжылдықта іске асыру жауапкершілігі тұр. Еліміздің болашағы, ұлтымыздың ертеңі мектеп қабырғасында білім алатын жас ұрпақтың саналы ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Сондықтан да егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс –тәсілдеріне қолдана

отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс- әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын тани алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Ендеше, мектеп оқушыларының дүниетанымын кеңейтуде, оқу танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор деген сөз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев еліміздің ертеңі, бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ол жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында,- деп айтқанда қазіргі таңда және болашақта ұстаздардың алатын орны ерекше екендігін тағы да бір нақтылап көрсеткендей.

Жылдық психологиялық қызметтің жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді:

1. ҚР Конституциясы
2. ҚР бала құқығы туралы заңы
3. ҚР «Білім туралы» заңы
4. ҚР білімінің даму концепциясы
5. ҚР «Неке және отбасы » заңы
6. Психологиялық этикалық кодексі
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы
8. №377 бұйрық психологиялық қағида

Педагог және психолог маманы ретінде, білім беру саласын басқаратын барлық деңгейдегі органдардың шешімін басшылыққа ала отыра, психологиялық қызметтің жүйелі, нәтижелі болуына үлесімді қосу.

Жылдық жоспар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде жасалды.

Қыркүйек айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Керн-Йирасектің баланың мектепке дайындығын анықтау	Балалардың мектепке дайындығын анықтауға арналған тест	1 кл	Қыркүйек	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	«Басса –Дарки»	Әдістеме	8-11кл	Қыркүйек 2-3-4 апта	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Филиппс «Оқушылардың мектепте мазасыздануын анықтау» тесті	Тест	6-7 кл	Қыркүйек 3-4 апта	Хаттама	Аралбай.Т.С	
4	Темперамент	Жеке мінез типін анықтауға арналған тест	5-11 сынып	4 апта қыркүйек	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II.Түзету-дамыту жұмысы							
1	«Мектепке көңілді барамыз» «Біз 5-ші сыныпқа көштік»	Тренинг	1-5 кл	Қыркүйек	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
2	Агрессияны жеңуге бағытталған жаттығулар	Түзету сабағы	Қорытындысына қарай өткізу	Қыркүйек	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	Бейімделу кезеңіндегі ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынас	Түсінік жұмыстары Жиын	Ата-ана	Қыркүйек	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	1-5 сынып оқушыларының бейімделуі кеңес беру	Жеке және топтық	Оқушы, ата-ана және мұғалім	Қыркүйек	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Қазан айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Дасс сауалнамасы	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	8-11 кл	Қазан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов)	Оқу мотивациясын, пәнге қызығушылығын анықтау тесті	5 класс	Қазан 2- апта	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Менің сыныбым	Әдістеме	1-4 сынып	Қазан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	Психогеометриялық фигуралар С.Деллингер	Әдістеме жеке	Инклюзив оқушымен	Қазан	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	«Бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау, жеке тұлғалық қауіпсіздігі»	Буллинг/Кибербуллинг (зорлық-зомбылық, достық қарым-қатынас) Түсінік жұмыстары	2-11 кл	Қазан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Дасс сауалнамасы нәтижесінде педагогтармен байланыс	Ұсыныс беру	Педагог	Қазан	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Социометрия (Дж.Морено)	Әдістеме	5-11 кл	Қараша	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	«Ата – ананың баламен өзара әрекеттесуі» Кіші буын оқушыларының ата – аналарымен қарым – қатынасын анықтау	Тест	Ата – ана (кіші буын)	Қараша	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Таным процестерін диагностикалау	Әдістеме	МАД 1-4 кл	Қараша	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II.Түзету-дамыту жұмысы							
1	Таным процестері	Оқушылардың таным кабілеттерін арттыру тренингтері	1-4 кл	Қараша	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау	Сұхбат, тренинг	11 класс	Қараша	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	«Жасерекшелік психологиясы»	Жасөспірім мінез-құлқы туралы ақпарат, кеңес	Ата-ана	Қараша	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Кәмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктіліктің алдын-алу	Кеңес беру	5-11 класс	Қараша	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Желтоқсан айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі	Анкета	6-9 кл	Желтоқсан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Дарынды оқушылардың логикалық қабілеттерін анықтау	Проективті тест	Дарынды оқушы	Желтоқсан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Дж. Холланд Тұлға типтерін анықтау	Әдістеме	9-11 кл	Желтоқсан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	Таным процестерін зерттеу	Әдістеме	Инклюзив оқушымен	Желтоқсан	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
2	«Ұжымдағы үйлесім қарым-қатынас»	Тренинг	Педагог	Желтоқсан	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	«Қыздар сұлу көрінер қылығымен»	Дәріс және тәжірибе	9-11 сынып	Желтоқсан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Құқықбұзушылық, ұрлық, зорлық-зомбылық, кибербуллинг бойынша жұмыстар	Сауалнама жүргізу Түсінік жұмыстары Баяндама оқу	Білім алушылар	Желтоқсан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Диагностикалар нәтижесі бойынша жұмыстар жүргізу	Сұхбаттасу, кеңес беру	Білім алушы педагог	Желтоқсан	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Қаңтар айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Басса –Дарки әдістемесі	Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама	6-11 кл	1 апта	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	«Дж. Голланд» сауалнамасы	Кәсіби бағдар сауалнамасы	9-11 класс	2-3 апта	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Баспалдақ әдістемесі В.Г.Щур	Әдістеме	1-5 кл	4 апта	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II.Түзету-дамыту жұмысы							
1	Өмірде жоқ жануар	Әдістеме	Тәуекел топ	Қаңтар 1-апта	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
3	Арттерапия сабағы	Жаттығулар	Инклюзив оқушы	Қаңтар 3-апта	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	Буллинг, Кибербуллинг. Балаларға қалай көмектесуге болады?	Буллинг, кибербуллинг туралы ақпараттандыру, кенестер беру	Ата-ана	Қаңтар	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	«Менің тандауым-жетістіктің кілті»	Тренинг	11 кл	Қаңтар	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Мамандық тандауға бағыт бағдар беру.	Жадынама	11 кл	Қаңтар	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Ақпан айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Э.П.Торренстің шығармашылық ойлау тесті (дарындылық қабілеті анықталған оқушымен)	Әдістеме	Дарынды оқушы	Ақпан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Қыз баланың ерекшеліктері, құндылықтары, қызығушылықтарын танып білу	Сауалнама	5-11 кл	Ақпан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Әрбір жан өз бақытының шебері	Тренинг	Ата-ана	Ақпан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	Өмірді сүре білейік	Эссе	8-11кл	Ақпан	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
2	«Өзің таңдаған өмір»	Тренинг	8-11кл	Ақпан	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
3	Психомоториканы дамыту	Түзету жұмыстары	Инклюзив оқушымен	Ақпан	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	«Мамандар пікірі»	Кездесу кеші	9-11 сынып	Ақпан	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу	Кеңес беру Пікір алмасу	7-11 кл	Ақпан	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Наурыз айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Дасс	Сауалнама	8-11 кл	Наурыз	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Климов	Әдістеме	9-11 кл	Наурыз	Хаттама	Аралбай.Т.С	
3	Кактус	Әдістеме	1-4 кл	Наурыз	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	Кинотерапия	Түзету сабағы	7-11 кл	Наурыз	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
2	«Өмірің өз қолыңда»	Дәріс-сабақ, видео	8-11 кл	Наурыз	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
3	Ойнайықта ойлайық	Жаттығулар	МАД	Наурыз	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	Медитация	Жаттығу мен релаксация	11 кл	Наурыз	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Білім алушы	Диагностика қортындысы бойынша кеңес	8-11 кл	Наурыз	Кеңес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Сәуір айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Г. Вицлак Мектептегі оқуға қабілетті зерттеу	Диагностика	4кл	Сәуір	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Мұғалім бейнесі	Тренинг-сабак	Педагог-кадр	Сәуір	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	«Мюнстерберг»	Әдістеме	Инклюзив оқушы	Сәуір	Анықтама, фото	Аралбай.Т.С	
2	«Сикырлы әлем»	Арттерапия	Дарынды оқушы	Сәуір	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	«Стресті жеңе біл!» тренинг	Тренинг	11 кл	Сәуір	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	«Тәртіптің ең тамаша мектебі-отбасы»	Дөңгелек үстел	Ата-ана	Сәуір	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV. Консультация беру							
1	Білім алушы	Диагностика қортындысы бойынша сұхбат	4 кл	Сәуір	Кенес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	

Мамыр айы

Nö	Ie-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	«Іртегі әлемі»	Терапия	МАД	Мамыр	Хаттама	Аралбай.Т.С	
2	Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қарым-қатынасын дамыту	Тренингтер	1-4 кл	Мамыр	Хаттама	Аралбай.Т.С	
II.Түзету-дамыту жұмысы							
1	Мен және менің ортам	Тренинг-сабак	1 кл 4 кл 5 кл	Мамыр	Анықтама, фото-есеп	Аралбай.Т.С	
III.Профилактика және психологиялық ағарту							
1	«Тұлғааралық қарым-қатынас»	Тренинг	11 кл	Мамыр	Хаттама	Аралбай.Т.С	
IV.Консультация беру							
1	Стрессті жеңу үшін не істеу кажет?	Кіші дәрістер Түсінік жұмыстары	9-11 кл	Мамыр	Кенес беру журналына тіркеу	Аралбай.Т.С	
V.Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс							
1.	Сараптама жұмысы. Зерттеу нәтижелерін толтыру бланкісі. Мобильді топ жұмысы. Жобалау жұмысы						
VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы есептер							
1.	Психологиялық қызмет жұмысының тоқсан немесе жарты жылдық бойынша атқарған жұмыстары туралы анықтамасы. Психологиялық қызмет жұмысының жылдық есебі.						